

Маңғыстау облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 31/368 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 қарашада № 4009 болып тіркелді.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 13.11.2025 № 23/272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9 тармағына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Маңғыстау облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:**

1. Маңғыстау облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ә.Қ. Дауылбаев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Н.Қ. Аққұловқа жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы

Қ. Әбдірахман

Н. Тұмышев

Маңғыстау облыстық мәслихатының

2019 жылғы 25 қазандағы

№ 31/368 шешіміне

қосымша

Маңғыстау облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 08.12.2023 № 7/80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне сатып алу құқығын іске асыру үшін Маңғыстау облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері айқындалсын:

1) әлеуметтік көмек түрінде бастапқы жарна сомасының 90 пайызы, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде;

2) әлеуметтік қолдау түрінде бастапқы жарна сомасының 90 пайызы, бірақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден аспайтын мөлшерде.

2. Маңғыстау облысы бойынша тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттарының тізбесі:

1) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабы 1-тармағының 1-1), 1-2) тармақшаларымен және 68-бабының 2), 3) тармақшаларымен айқындалған Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) "Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 32546 болып тіркелген) сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарын болжаудың негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласында сұранысқа ие мамандар.